

Жамбыл облысы Шу ауданы Шокпар ауылдық округінің шекараларын белгілеу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 63 бірлескен қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 2-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 сәуірде № 5003 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағының 1-13) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шу ауданы Шокпар ауылдық округінің шекараларының жалпы көлемі 247 346,77 гектар болып белгіленсін.
2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының

әкімі

Жамбыл облыстық

мәслихатының төрағасы

Н. Нуржигитов

А. Нуралиев